



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

Возрос процент испытуемых, предпочитающих использовать сотрудничество и компромисс, как типы поведения в конфликтных ситуациях. Итак, позитивная динамика, наблюдаемая после проведения программы профилактики, довольно значительна, что свидетельствует о ее эффективности.

Список использованных источников

1. Бэрон Р., Ричардсон Д. Агрессия. СПб.: Питер, 2010. 352 с.
2. Глебов В.В., Рязанцева М.В. Профилактика агрессивного поведения подростков // Профессиональное образование. Столица. 2008. №5. С. 16-17.
3. Клецина И.С. Гендерная социализация: учеб. пособие. СПб.: Питер, 2010. 69 с.
4. Самусенко И.Л. К решению проблемы агрессивного поведения детей и молодежи // Вестник Тверского государственного университета. Сер.: Педагогика и психология. 2010. №9. С. 73–79

ӘОЖ 159.9

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІН ЗЕРТТЕУ

Рақымжан Назерке Бауыржанқызы

Nazik.19_98@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,

Әлеуметтік ғылымдар факультеті, «Психология» мамандығының студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г.М. Карибаева

Адам өмір жолын қалыптастыру барысында басқа адамдардан ерекше ішкі мәдениетті бағалайды. Мәдениет – бұл бірнеше ғасырлар бойы адамдармен қалыптасқан, адамның өмірін мәнді, сәнді, бағалы ететін өмір сүру тәсілдері. Мәдениет ұғымындағы психологиялық мәдениет ерекше мәнге ие. Позитивті өмір сүру, мәселелерді конструктивті шешу, қиындық туған жағдайда сабырлы, дана болу, өз іс - әрекетімізге мақсатты қарау бұның барлығы психологиялық мәдениеттің қарастыратын ерекшеліктері [1].

Психологиялық мәдениеттің негізгі ұстанымы – жан саулығы. Психологиялық мәдениет ең алдымен тек іс - әрекет арқылы ғана емес сонымен қатар адамның өзіне бұл іс - әрекеттің қаншалықты керек екендігін түсінуіне де байланысты. Басқаша айтқанда психологиялық мәдениет бұл саналы, шынайы жасалған іс - әрекеттері және тұлғаны субъект ретінде (оперативті менін) қалыптастыру. Тұлғаның өзін әр түрлі өмірлік жағдайларда дұрыс ұстай білуі де үлкен мәнге ие (Л.С.Колмогорова 1998, 2002). Бірақ дұрыс іс - әрекеттерді іштей өзіне маңызды деп қабылдамайынша, ол жайғана ақпарат болып қалабереді де адамдағы оны істеуге деген мотивацияны қалыптастырмайды.

Психологиялық мәдениетті қалыптастыруда өзін оптималды ұстауды стимулдық қалауға үйрету, саналы іс - әрекет тәсілдерін қалыптастырып жаттығу.

Сонымен психологиялық мәдениет өзін - өзі саналы тұрғыдан жетілдіру және өзіндік ынтаның ішкі қалаулар негізінде жүзеге асыруы бойынша қарастырылды. Ол адамдардың жалпы мәдениетінің бір бөлігі ретінде және тұлғаның жақсы, дұрыс өмір сүруінің оптималды қалауларын жүзеге асырушы ретінде интегральды гармония пайда болуына қызмет жасайды. Психологиялық мәдениет адамның жанының ғана емес сонымен қатар жан мен тәннің сау әрі жобаланған күйін ұсынады [2].

Психологиялық мәдениет – бұл адамның барлық өмірлік іс - әрекетінде өзін - өзі жетілдіру мен өзін - өзі реттеудің өте дамыған жоғарғы қасиеті. Тұлғаның барлық ынталары, оның нақты таңдаулары мен қарым – қатынасы (өзіне, өзге тұлғаларға, тірі және өлі табиғатқа, жалпы Әлемге). Психологиялық мәдениетті қалыптастыру арқылы - адам ішкі

тұлғалық қалауларын, психикалық қалауларын сонымен қатар сыртқы әлеуметтік және табиғи орта жағдайларындағы қалауларын үйлесімді жүзеге асыруға негізделеді. Психологиялық мәдениеттің қалыптасуы үшін бірнеше комплекстік саналы түрде жүзеге асырылатын ынталар мен қалаулар орындалуы тиіс. Мәдениетті тек жалпы қоғамда ғана емес, әр жеке адам бойында қалыптастыру. Қазіргі қоғамдағы жас ұрпақтың тұлға болып қалыптаспауы көптеп қауіпті аймақ жасауда. Қоғамдағы интеллигентті, адамгершіл, өнегелі тұлғалардың қалыптасуы талқыға алынуда [1].

Психологиялық мәдениет түсінігі өзіндік мазмұны бойынша Л.С.Выготскийдің тарихи – мәдени теориясына ұқсас келеді. Ең алғаш «психологиялық мәдениет» түсінігі және әдістері «психологиялық мәдениет потенциалы» «Психология самопознания личности» кітабынада (О.И.Мотков., 1993) қолданылды. Бұл ұғым мазмұны бойынша ежелгі Қытай мектебінің «психологиялық іс - әрекет мәдениеті» деген ұғымына жақын келеді. (Абаев Н.В., 1989). Бүгінгі таңда психологиялық мәдениет ұғымы тұлғаны зерттеу де және жетілдіру аймақтарында қолданады. (Гумницкая А.В., Лужбина Н.А., Мордвинова Е.В және т.б)

Психологиялық мәдениетті дұрыс қалыптастыру үшін психологиялық тұрғыдан оның маңыздылығын білген жөн. Қазіргі қоғамда психолог мамандығының маңыздылығы өсуде. Қоғам ілгері дамыған сайын адамның жүріс – тұрысы мен қарым – қатынас жасауында және өзін толық қалыптастыруда қиындықтар пайда бола бастайды. Психолог мамандар адамдардың қазіргі қоғамда өзінің орынын тауып тұлға болып қалыптасуына негіз болады және жалпы қоғамдағы психологиялық сауаттылықтың дамуына себепші болады. Психолог маманның басқа мамандықтардан басты ерекшелігі адаммен тікелей жұмыс жасауы. Адамдармен жұмыс жасауы дегенге келетін болсақ ол терең психологиялық білім көрсеткіші. Әр тұлғаның индивидуалдылығын есепке алатын болсақ, әр тұлғаға жеке индивидуалды инғай табу және сеніміне кіре алу қасиетінің болуы. Адамдармен келісімге келу және адаммен сыйысуының жоғары деңгейде болуы психологтың басты қасиеті [4].

Психологиялық мәдениет – адамның өзін - өзі танудың деңгейі , психологиялық білімнің алтын қоры. Адамның өзіне, қоршаған ортасына, табиғатқа деген қарым – қатынасын анықтайтын деңгей. Психологиялық мәдениетті зерттеуде екі негізгі компонент блок болады. Алғашқы блок – теориялық немесе теория – концептуалды; Екінші блок – практикалық (бұл – психологиялық іс - әрекет).

Алғашқы блокта психологиялық мәдениет бойынша психология мамандарының теориялық нәтижелері, психология саласындағы классикалық еңбектер, өзін - өзі реттеуі бойынша психологиялық зерттеу жұмыстары жатады. Адамның өзін - өзі танудың теориясы – психологиялық мәдениеттің бір бөлігі.

Психологиялық мәдениет құрамына екінші блок болып психологиялық іс - әрекет кіреді. Психологиялық іс - әрекет – бұл психологиялық тұрғыда өзіне, ішкі дүниесіне қызмет жасау әрекеті болып саналады. Психологиялық іс - әрекеттің мақсаты – қол жеткізу, даму, адамның психологиялық денсаулығын сақтау. Психологиялық мәдениеттің екі деңгейі қарастырылады. Бірінші деңгейі – теориялық, ғылыми тұрғыда зерттеліп мамандар қалыптастырған теориялар. Бұл деңгейде психотерапия , адамдардың бір – бірімен әрекеттесу теориялары жатады. Екінші деңгейіне концептуалды емес психологиялық мәдениет деңгейі жатады. Бұл деңгей тұрмыстық жағдайлар барысында қалыптасқан психологиялық мәдениет, халық психолог мамандарға дейін қалыптастырған мәдениет. Психологиялық мәдениеттің қалыптасуы – бұл адамның жинаған өмір тәжірибесінің көпір болып қалануы.

Психологиялық мәдениет бірнеше аспект бойынша жүзеге асады. Жалпы психологиялық мәдениет, әр адамның өзінде болатын психологиялық негіздемелер. Професионалды – психологиялық мәдениет ұстаздар, дәрігерлер, юрист, инженер т.б мамандықтарда психологиялық – профессионалды қабат болады. Мысалы ұстаздардың өзінің мамандығына тән психологиялық мәдениет ертеден қалыптасқан, жүйелі үлгісі бар. Сонымен қоса бір – бірін жақсы түсінуі, жалпы ортақ тұлға аралық сыйымдылықты күшейту үшін ортақ психологиялық мәдениет қалыптасады. Қазіргі уақытта психология маманына

деген қоғамның көз қарасын түсіну үшін және біздің елде қаншалықты психологиялық сауаттылық қалыптасуын анықтау үшін біз осы мәселені теориялық және эксперименталдық тұрғыдан анықтауға тырыстық осыған байланысты басқа мамандықтардағы студенттердің психологиялық сауаттылығы мен қаншалықты мәдениеттің қалыптасқанын және біздің психология мамандығының психологиялық сауаттылығын анықтау үшін «Тұлғаның психологиялық мәдениеті» әдістемесі қолданылды [4].

Бұл әдіс бойынша зерттелушінің 6 дәреже бойынша өзінің психологиялық ынтасын (18 пункт бойынша 5 балдық А шкаласы) және күнделікті өмірде ол ынталарының орындалуы (дәл сол пункттер бойынша Б шкаласы). Шкалалар өте төмен көрсеткіштен (1балл) өте жоғары (5 балл) көрсеткішке дейінгі аралықты қанағаттандырады. 14 жастан бастап әдіс қолданылады.

Нұсқаулықтар:

Бар жоғы 18 пунктке жауап берілу керек және мүмкін болатын жауабыңызды А және Б шкалаларға көрсетіңіз.

А шкаласы сіздің ынтаңызды бағалап көрсететін болса Б шкаласы сіздің іс - әрекетіңіздің дәрежесін көрсететін болады.

1. Нақты түсініп және өзімізді, қалауларымыз бен мінезімізді түсіну.
2. Біреуді мұқият оның ойын жоғалтып алмайтындай тыңдау.
3. Өз көңіл – күйімізді, қалауларымызды, іс - әрекеттерімізді басқара алу.
4. Жаңа істе, жағдайда өзімізді батыл бастама ала алу.
5. Уақытты тиімді әрі өз күшіңе байланысты жобалай алу.
6. Өз - өзіңді жетілдіруді жиі қолға алу.
7. Өз қателіктерің мен көңіл күйіңе психологиялық себеп таба алу.
8. Конфликтілік жағдайда өзіңді байсалды сөйлеу мәнерімен ұстай алу.
9. Басқа адамдарға қалыпты мәдениет үшін қарсы пікір және эмоция білдіре алу.

(мысалы, агрессия және т.б.)

10. Қайталанбас (оригинальный) идеялар, бейнелер жасай алу.
11. Рухани және физикалық дамуды жақсы қалыпта ұстай алу.
12. Өзіңнің өмірлік мақсатыңды өмірлік жолыңды қабылдай алу.
13. Сенімді және айқын өз ойыңды айта алу.
14. Берілген сөздерді толық әрі нақты орындау.
15. Өзің нашар күйде екеніңді білген жағдайда оны жоғарлата алу.
16. Практикалық тұрғыда өз жаңа идеяларыңды қолдана алу.
17. Маңызды істі міндетті түрде соңына дейін жеткізу және маңызды мақсатқа толық күш жұмсай алу

18. Зиянды әдеттерден өзбетімізбен құтылып, жағымды әдеттер қалыптастыра алу

[3].

Тұлғаның психологиялық мәдениетін қалыптастыру бойынша келесі зерттеу нәтижелерін көрсетті:

1. *Психологиялық мәдениетті қалыптастыру әдісі бойынша ақпараттар жинастыру және оны эксперимент түрінде жүргізу.*

әдістің сенімділігі 20 жасар студенттерге жүргізгенде байқалған. *Зерттелушілер 18 – 20 жас аралығындағы жоғары білімі бар екі жыныстың да өкілдері қатыстырылды. Әдіс екі рет жүргізілді 1 және 2 тест арасы 20 күн құрады. (Марыина Н.В.).* Жалпы психологиялық мәдениет көрсеткіші ПМб р1 және 2 =0,698, $p < 0,00002$ болды. Өте жоғары сенімділік , тұрақтылық нәтижесі алынды.

Тұлға бойында қорғаныс механизмі қаншалықты жоғары болған сайын оның бойындағы психологиялық мәдениеті төмен болады. (Плутчик, Келлерман, Конте тесті бойынша).

Психологиялық мәдениетті тұлғаның гармониялық және оның құрылымдық маңызды аспектісі ретінде, өзін - өзі жетілдіру, қажеттіліктерін тиімді қанағаттандыруы, психологиялық денсаулығының жоғарғы факторы деп қарастырылады. 213 әр жас өкілдері

және жұмыс жасау саласындағы өзгешеліктері бар тұлғалар арасындағы зерттеу жұмыстарының нәтижесі бойынша ПМ – тің шығармашылық және өзін - өзі жетілдіру дәрежесі өте төмен деп көрсетілді. 2015 жылғы Қазақстандағы психология мамандарының зерттеулері бойынша жоғарғы сынып және студенттер арасында мотивация мен қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша 57% құрады. Бұл көрсеткіш психологиялық мәдениеттің төменділігіне дәлел бола алады. 2. *ПМ және адамның нақты биопсихологиялық мінездемесі.* ПМ зерттеуі 17 – 24 жастағы 20 студент және 20 ересек зерттелушілердің арасында жүргізілді. Зерттеу нәтижесі психологиялық мәдениет әдісінің барлық көрсеткіштері бойынша және А.В. Зверьков, Е.В. Эйдман тестілері негізінде жүргізіліп, тұлғаның жасы ұлғайған сайын оның психологиялық мәдениеті неғұрлым жоғарлайды ($p < 0,05 - 0,01$; Шаповал А.Д.). 3. *Психологиялық мәдениет және адамның психологиялық күйі.*

Психологиялық мәдениетті зерттеуде адамның психикалық күйі де маңызды.

№ 1 Қосшы орта мектебінің 5,8,10 сыныптарына жүргізілген зерттеу бойынша ПМ – тің өзін сезінумен тығыз байланыс байқалды. Біздің психикалық күйіміз, өмірге қанағаттануымыз негізінен біздің қалауларымыз арқылы емес іс - әрекетімізбен байланысты болып келетіні және оқушының неғұрлым психологиялық мәдениеті жоғары болған сайын оның өзін сезінуі мен көңіл күйі тұрақты әрі көтеріңкі болатыны анықталды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мотков, О.И. Психология самопознания личности: Практ. пос.Текст./О.И. Мотков М.: Треугольник, 1993. - 96 с.
2. Мотков О.И. Методика «Психологическая культура личности»/Газ. «Школ. психолог», 1999, - № 15, с. 8-9. См.: <http://www.psychology-online.net/articles/doc-392.html>, <http://psychology.rsuh.ru/motkov.htm>
3. Овсянникова, Е. А Повышение психологической культуры родителей Текст. /Е. А Овсянникова, // Народное образование. 2008. - № 4.- С. 258-264.
4. Лужбина, Н.А. Психологическая культура личности: общепсихологический контекст Текст./ Н.А.Лужбина// Сибирский психологический журнал, 2004 №19 - С. 7-10.

УДК. 616. 89- 008. 441. 1: 612. 821.39

СУЩНОСТЬ ПСИХОТЕХНОЛОГИИ ЛИЧНОСТНОГО И ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ

Рустамова Нигяр Хайрутдиновна

старший преподаватель кафедры «Педагогики и психологии»

Ташкентская медицинская академия, г. Ташкент, Узбекистан

Научный руководитель - Б. М.Умаров

Исследуя феномен "психотехнологии", акмеологическая наука принимает ее за единицу анализа профессиональной деятельности. Психотехнология понимается как целенаправленная и упорядоченная соответствующим освоением предметной ситуации совокупность и последовательность действий. Данное обстоятельство предопределило методологическую связь психотехнологического подхода в акмеологии с психологической теорией деятельности. Структурно-функциональный анализ профессиональной деятельности госслужащих позволяет выявить существующие типы психотехнологий по направленности и нацеленности на осуществление конкретных задач. Психотехнологии, направленные на духовное и физическое возвышение личностного статуса индивида подчас неправомерно относят к одному из видов социальных технологий, что значительно выхолащивает их сущность.